

Ресми рецензент А.К. Булашевтің
6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша «Ірі қара бруцеллезіне қарсы *B.abortus* 19 штаммы вакцинасын
конъюнтиваға егу тәсілінің иммунологиялық тиімділігі» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Айтқурова Аяулы Мухаметкалиеваның диссертациялық жұмысына
жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржы ландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылған «2018-2020 жылдары ветеринариялық салауаттылықты және азық-түлік қауіпсіздігін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету» нысаналы бағдарламаның (мемлекеттік тіркеу нөмірі 0118PK01221) шеңберіндегі «Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті және эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету» тапсырмасы аясында орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың қол жеткізген нәтижелерінің ветеринария ғылымдарына айтарлықтай үлес қосатынына күмән жоқ. Тарқатып айтсақ, алғаш рет отандық <i>B.abortus</i> 19 вакцинасымен теңіз шошқалары және сиырларды конъюнктивада арқылы иммундеу барысында түзілеттің поствакциналдық антиденелердің динамикасы зерттелінген; екпе алған малдың бруцеллезге серологиялық балау мерзімі және ауруға қарсы қалыптасқан иммунитеттің қауқары анықталған; тандемді қайталаудың ауыспалы санының (MLVA-16) мультилокустық талдауын індettің өршүін қадағалау және/немесе еліміздің эндемиялық емес аудандарында адам мен жануарлардың бруцеллезді жүргізу көздерін қадағалау үшін қолдану қажеттілігі негізделген.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыста бұл критерий бойынша мәлімет берілмегендіктен, «Өзі жазу деңгейін» бағалау қындық туындар атасы. Алайда, диссертация мәтініндегі қолданылған сөздер мен ветеринариялық терминдер, сөйлем құрастыру мен жалпы баяндау стиліне назар аударсак, ізденуші диссертацияны орташа деңгейде жазған деп пайымдауға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Бруцеллездің эндемиялық аймақтарында індектеке қарсы тиімді күрес жүргізу үшін малдың ауру қодырғышына қарсы жасанды иммунитеттің қалыптастырудың маңызы ете зор. Алайда, қазіргі кезде еліміздеге қолданыс тауып отырған вакциналар серологиялық балау барысында бруцеллезге шалдыққан малды дәл анықтауга кедергілерін тигізіп отыр. Осыған орай, диссертациялық жұмыста <i>B. abortus</i> 19 штамынан дайындалған отандық вакцинаны сиыр малына конъюнктивада арқылы инокуляциялау - аталмыш мәселені шешудің бірден-бір жолы ретінде қарастырылып, диссертацияның өзектілігін толықтай сипаттап отыр.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның «Ғылыми әдебиеттерге шолу» бөлімінде мал бруцеллезіне қысқаша ақпарат беріліп, еліміздеге аурудың алдын алу және онымен күрес шаралары туралы мәліметтер мен қолданыстағы вакциналардың тиімділігі туралы деректер берілген. Өзіндік зерттеулер бөлімінде соңғы жылдардағы еліміздеге мал бруцеллезі бойынша індектік жағдайға және сиыр бруцеллезіне қарсы профилактикалық шараларға талдау жасалынып, ел аумағында бөлініп алынған бруцеллез қоздырғышының молекулалық- генетикалық қасиеттеріне сипаттамалар берілген; отандық <i>B. abortus</i> 19 конъюнктивадағы вакцинасымен және басқа екпелердің әртүрлі тәсілдерімен иммунизацияланған сиыр малының антиденелер динамикасы мен жасанды иммунитеттің тиімділігі зерттелінген. Демек, диссертация мазмұны оның тақырыбын толыққанды айқындаپ отыр.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмыстың негізгі мақсаты – еліміздеге мал бруцеллезі бойынша қалыптасқан ахуал мен індектеке қарсы бағытталған арнайы шаралардың тиімдігін анықтау және <i>B. abortus</i> 19 конъюнктивадағы вакцинаның ауруға қарсы иммунитет қалыптастыру қауқарып зерттеп, аталмыш екпені өндірісте ұтымды тұрде қолдануға ұсыныс дайындау. Осы мақсатқа жету үшін анықталған міндеттер диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен	Диссертациялық жұмыстың «Кіріспе», «Ғылыми әдебиеттерге шолу»,

		<p>құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>«Өзіндік зерттеулер», «Зерттеу нәтижелерін бағалау және талқылау», «Қорытынды», «Ұсыныстар» атты тараулары және оның бөлімдері бірі-бірлерімен ұштасып, бір логикалық жүйеге жинақталып, өзара толық байланысқан және ғылыми еңбектің міндеттерін шешіп, мақсатына жетуге бағытталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сини талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертацияның «Ғылыми әдебиеттерге шолу» тарауының «Бруцеллезге қарсы қолданылатын вакциналар» атты бөлімінде ізденуші қазіргі кезде қолданыста жүрген вакциналарға сипаттама берген. «Зерттеу нәтижелерін бағалау және талқылау» тарауында диссертант өзінің қол жеткізген нәтижелеріне талдау жасап, жұмыс гипотезасының құпталғанын дәлелдеген. Алайда, ізденуші алғынған нәтижелеріне диссертациялық жұмыстың мәселесі төнірегінде басқа зерттеушілердің мақалаларында жарияланған деректерді көлтіре отыра салыстырмалы түрде баға бермеген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Ғылыми жұмыста «АНТИГЕН» FØO-ның <i>B.abortus</i> 19 штамынан дайындалған «BRUCON®» отандық вакцинасының алғашқы рет тәжірибелі түрде және өндірістік жағдайда иммуногенділігі зерттелініп, сиыр малын бруцеллез індегінен сауықтыру мақсатында бұл препараттың серологиялық балауга кедергісін тигізбейтін конъюнктивалдық екпе ретінде қолданыла алатындығы толығымен дәлелденді. Бұл ғылыми нәтижелерге негіз болған қағидаттарда жаңашылдық бар. Алайда, шетелдік өндірушілердің <i>B.abortus</i> 19 вакцинасын конъюнктивалды жолмен қолданған кезде тиімділігін зерттеген ғылыми еңбектердің әлемдік әдебиет көздерінде бар екендігін ескерсек, қағидаттар жартылай жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертацияда зертханада және өндірістік жағдайда алынған нәтижелерге сүйене отыра қорытындылар жасалынған. Конъюнктивалардың инокуляцияланған отандық <i>B.abortus</i> 19 вакцинасы ірі қара малдың бруцеллезе қарсы иммунитетін қалыптастырып қана қоймай, аурудың серологиялық балауын жыл сайын жоспарлы түрде жүргізуге мүмкіндік беретіндігі дәлелденген. Айталық, 4-6 айда егілген бұзауларды бруцеллезге 4 айдан соң, ал 18-20 айлығында иммунделген қашарларды 6 айдан соң тексеруге болатындығы анықталған. Бұл қорытындыны және оған негіз болған алдыңғы қорытындыларды толығымен жаңа деп тануға болады.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық,	<i>B.abortus</i> 19 екпесімен малды конъюнктивалардың иммундеу организмде

		<p>экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>иммунитетті қалыптастырып қана қоймай, бруцеллез балауын жүргізуге кедергі жасамайтындығы белгілі жэйт. Дегенмен, қоздырғыштың аталмыш штамынан дайындалған отандық вакцинаның басқа екпелермен салыстырмалы турде тиімділігін зерттеу және оның практикада қолданудың оңтайлы жолдарын анықтау – диссертациялық жұмыстың технологиялық тұрғыдан жаңа шешімі ретінде қарастыруға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар гылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жұмыстарының зертханалық және өндірістік зерттеулерінен туындастырылған, нақты дәлелдемелерге негізделген 9 қорытынды жасалынған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Қорғауға шығарылған әрбір қағидат ізденушінің тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және оның мақалаларында жарияланған. Қағидаттардың қолдану деңгейі ете ауқымды, өйткені бұл эндемиялық індептен тиімді күресу үшін протективті қасиетті иеленген және серологиялық балау жұмыстарына кедергі жасамайтын қолжетімді отандық вакцина керек. Еліміздің 63% астам ауылдық округтарында бруцеллездің кездесетінін және 23% эпизоотиялық бірліктердегі мал басының індектеке шалдыққанын ескерсек, ұсыныстардың мал дәрігерлік практикасында қолдану мүмкіншілігінің кең екендігіне көз жеткізуге болады.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсын ылған ақпараттың дәйек тілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Методологиялық тұрғыдан алғаш қараганда, алға қойылған мақсатқа жету үшін диссертант әдістемелерді дұрыс таңдаап алған және әрбір әдіске тиісті сілтемелер келтірілген. Демек, ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі тиісті деңгейде.</p> <p>Алынған деректер Bio numericus 7.5 компьютерлік бағдарламаның көмегімен өндөлген (Applied Maths, Бельгия).</p> <p>Конъюнктивалды екпе алған бұзаулар мен қашарларды бруцеллезге дәстүрлі серологиялық реакциялардың көмегімен тексеру мерзімі туралы ізденушінің теориялық болжамы (жорамалы) арнайы жүргізілген зертханалық және өндірістік зерттеулердің нәтижелерімен дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста қарастырылып отырған ғылыми мәселелеге қатысты маңызды ақпараттары мен деректері бар ғылыми еңбектерге орынды түрде сілтемелер жасалынған. Дегенмен, диссертация тақырыбы шенберіндегі маңызды деректердің кейінгі 10 жылда Scopus/Web of Sciences базасына енген журналдарда жарық көрген мақалалармен расталу деңгейін көтеру артық болmas еді.</p> <p>Ізденуші диссертациясында 133 ғылыми еңбектерді қолданған, оның 112-і әдеби шолудың үлесіне тиіп отыр. Аталмыш тізімде отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда, ғылыми-зерттеу мекемелерінің еңбектерінде және әртүрлі деңгейдегі ғылыми конференциялардың еңбектер жинағында жарияланған мақалалар бар. Қолданылған әдебиеттер тізімінде келтірілген еңбектер жұмыстың тақырыбына қатысты әдеби шолу жасауға жеткілікті деген ойдамын.</p>
----	---	---	---

9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Конъюнктивалды жолмен екпе алған мал организмінде гуморалдық және жасушалық иммунитеттің қалыптасу заңдылығы әлі де болса теориялық түргыдан алып қараганда терең зерттеулерді қажет етеді. Осыған орай, диссертацияның теориялық маңызы бар деген тұжырым жасауга болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Диссиденттың пайымдауынша, елімізде эндемиялық ауруға айналған бруцеллезге қарсы конъюнктивалды <i>B.abortus</i> 19 вакцинасының қолдану - мал шаруашылығын індептен сауықтыруға бағытталған ветеринарлық-санитарлық шаралардың тиімділігін арттырмақ. Екпенің өндіріс жағдайында көрсеткен протективтік қасиеті және поствакциналық антиденедердің жоспарлық серологиялық балауға кедергісін тигізбеуі - атальмыш вакцинаның сиыр бруцеллезінен арылуға бағытталған ветеринарлық-санитарлық шараларда қолданыс табуына негіз бола алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Іздешінің практикалық ұсыныстары өзіндік зерттеулерінен туындалап отыр және толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертация сауатты жазылған және жеңіл оқылады, дегенмен әрекідік грамматикалық және стилистикалық олқылықтарға жол берілген.</p>

Шешім: Айткулова Аяулы Мухаметкалиеваға 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия дәрежесін (PhD) тағайындалуын ұсынамын.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАК
Микробиология және биотехнология кафедрасының профессоры, ветеринария ғылымдарының

докторы А.К. Булашев

А.К. Булашев қойған қолын растаймын:
«ҚазАТЗУ» ғалым хатшысы



A.K. Bulashov
07.12.2023
Ферипса жағында
0.м.